

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
дербес білім беру ұйымының

2035 жылға дейінгі

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
дербес білім беру ұйымының

2035 жылға дейінгі

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

'24

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
15 жыл бойы жетістікке жету	7
Миссия. Пайым. Жұмыс қағидаттары	15
Стратегиялық бағыттар	19
Іргелі негіздер	20
1-бағыт – НЗМ: кемелдікке ұмтылу	22
2-бағыт – Қазақстан: білім беру саласында зияткерлік капиталды дамыту	30
3- бағыт – Әлем: Global education brand	34
Негізгі қолдаушы факторлар	37
Стратегияны жүзеге асыру	40

КІРІСПЕ

15 жыл бойы жетістікке жету – 15 жыл бойы танылу

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – ДББҰ¹) 2035 жылға дейінгі стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия-2035) білім беру саласындағы жаңа әлемдік үрдістерді ашады. Бұл үрдістер тек білім берудің жаңа форматтарын іздеуге ғана емес, сонымен қатар оқу үдерісінің барлық қатысушыларының жаңа рөлдеріне және олардың әл-ауқатына негізделген. 2035 жылға дейінгі Стратегияда Қазақстанда және басқа елдерде білім беру сапасын арттыруға үлес қосу мақсатындағы ДББҰ-ның тұрақты дамуының ұзақ мерзімді жол картасы ұсынылған.

Әлем және мемлекет деңгейінде жүріп жатқан қарқынды өзгерістер тез бейімделуді және «жаңа норманы» қайта қарауды талап етеді. Орта білім беру саласындағы үздік ұлттық, халықаралық тәжірибе мен қолданбалы ғылыми жетістіктерді біріктіріп, ДББҰ 15 жылда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізгені сөзсіз, дегенмен алда жаңа мақсаттар мен міндеттерді айқындау қажет. Айта кетерлік жайт, оның алдындағы **ДББҰ-ның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясында** көзделген мақсаттардың көбі мерзімінен бұрын орындалған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына² жолдауында балалар мен жасөспірімдердің психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қоғамдық құндылықтар жүйесін құруға, цифрлық білім беру ресурстарының қолжетімділі мен жасанды интеллект технологияларын қолдануға баса назар аударылған. Білім беру саласындағы жаһандық технологиялық прогресс (бұл әсіресе COVID-19 індеті кезінде және одан кейін аса байқалды) білім беру секторына жаңа сындар

мен перспективалар әкелді – жаңа білім беру форматтарын, цифрлық шешімдерді, жасанды интеллект мүмкіндіктерін енгізу қажеттілігі, сондай-ақ білім беру бағдарламалары мен әдіс-темелерін жаңа күнге бейімдеу қажеттілігі туындады. «Индустрия: 5.0» тұжырымдамасы шеңберінде «зияткерлік цифрлық технологиялардың тиімділігі мен өнімділігіне мән беру» қағидатынан «адамның шығармашылығы мен сыни дағдыларының ақылды машиналардың жылдамдығы және дәлдігімен синергиясы» қағидатына ауысу байқалады.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында³ жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дамыту мәселесіне ерекше назар аударылған, Абайдың «Толық адам» іліміне сүйенсек, бұл құндылықтар адамның рухани-адамгершілік тұрғыдан және жеке тұлға ретінде дамуының негізі. Сондай-ақ, ауыл мектептеріне ерекше назар аудара отырып, **ДББҰ тәжірибесін елдің жалпы білім беретін мектептеріне таратуды** жалғастыру қажеттігі атап өтілді.

Қазақстан – жаһандық білім беру экокүйесінің бір бөлігі бола отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы (бұдан әрі – БҰҰ) әзірлеген **тұрақты даму мақсаттарына⁴** жету жолында өз үлесін қосып келеді. «Сапалы білім беру» атты 4-мақсат аясында оқушылардың функционалдық және математикалық сауаттылығын арттыру, инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау, мектептерді жарақтандыру және педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағытында белсенді жұмыс жүргізілуде.

1 ДББҰ-ға еншілес ұйымдар мен филиалдар, оның ішінде зияткерлік мектептер кіреді.

2 <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskij-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588>

3 https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z030000415_

4 <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/sustainable-development-goals/>

Аталған факторлар ДББҰ-ның 2035 жылға дейінгі миссиясы мен пайымын, стратегиялық бағыттары мен мақсаттарын анықтады.

Стратегия-2035 ДББҰ-ның ұмтылысын сипаттайды: Зияткерлік мектептердің оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуде біртұтас тәсілдемені ұстану; Зияткерлік мектептердің бүкіл білім беру экожүйесінің әл-ауқатын қамтамасыз ету; деректер мен зерттеулер негізінде шешімдер қабылдау; елдің зияткерлік капиталын дамыту бастамаларын масштабтау; білім беру мазмұны мен үдерісін цифрландыру; ДББҰ-ның білім беру қызметінің географиясын Қазақстаннан тыс шығару және тұрақты

даму қағидаттарын ұстану. ДББҰ дамуының негізгі бағыттары оқушылар мен олардың ата-аналары, Зияткерлік мектептер мен еліміздің педагогтері, сарапшылар, Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы уәкілетті органдары мен қоғам белсенділерінің ішкі және сыртқы стратегиялық сессиялары барысында әзірленді.

Стратегия-2035 Зияткерлік мектептер желісін құру, қамтамасыз ету және басқарудың, сондай-ақ ДББҰ тәжірибесін елдегі жалпы білім беретін мектептерге таратудың 15 жылдық табысты тәжірибесіне негізделген.





15 ЖЫЛ БОЙЫ ЖЕТИСТИККЕ ЖЕТУ



15 ЖЫЛ БОЙЫ ЖЕТІСТІКKE ЖЕТУ

15 жыл бойы үздік ұлттық және халықаралық білім беру практикаларын әзірлеп, енгізудің эксперименттік алаңы болған ДББҰ жетекші сарапшылармен және халықаралық әріптестермен бірлесіп, білім беру бағдарламасын, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін, сондай-ақ академиялық еркіндік, дербестік, меритократия және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттары негізінде педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдірді.

Қазіргі уақытта Зияткерлік мектептерде⁵ **16 000**-нан астам оқушы оқиды, **18 700**-ге жуық түлек осында оқуын аяқтап, жетекші қазақстандық және халықаралық жоғары оқу орындарына (оның ішінде Айви лигасының жоғары оқу орындарына және әлемдік рейтингтердің топ-100 университеттеріне) грантқа түсті. Түлектердің негізгі үлесі кәсіби жолын жаратылыстану және математика бағытында жалғастыруды таңдайды (техникалық, медициналық, жаратылыстану ғылымдары, педагогикалық және экономикалық мамандықтар), сөйтіп Қазақстан экономикасының негізгі салалары үшін кадрлық резервті қалыптастырады.

Соңғы 6 жылда Зияткерлік мектептердің оқушылары еліміздің зияткерлік жарыстарында «Жаратылыстану және математика бағытындағы пәндерден үздік олимпиадалық команда» атанды, сондай-ақ соңғы 5 жыл бойы республикалық ғылыми жобалар сайысында ең көп медаль жинағандар арасында 1 орынды нық ұстап тұр. Бұл жетістік, ең алдымен, Зияткерлік мектептерде ретке қойылған ғылыми-зерттеу жұмыстарымен түсіндіріледі, осының нәтижесінде оқушылар ғылымның әртүрлі салаларында пайдалы модельдерді ойлап тапқаны үшін **300**-ге жуық авторлық куәліктер мен патенттерге ие болды.

4 238 оқушы – халықаралық олимпиадалар мен ғылыми конкурстардың жүлдегері

7254 оқушы – республикалық олимпиадалар мен ғылыми конкурстардың жүлдегерлері




5 2024 жылы 21 Зияткерлік мектеп пен Астана қаласындағы халықаралық мектеп жұмыс істейді.

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

Зияткерлік мектептерде NIS-Programme білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – NIS-Programme)⁶ табысты түрде іске асырылуда. Ол халықаралық танылған және A-, AS-Level (Ұлыбритания), O-Level (Сингапур) және IB-Programme (Халықаралық Бакалаври-

ат) сияқты халықаралық бағдарламалармен теңестірілген. PISA-2022⁷ халықаралық зерттеуінде оқушылардың көрсеткен нәтижелері NIS-Programme бағдарламасы өте тиімді екенін және Зияткерлік мектептерде берілетін білімнің жоғары сапасын растайды:

PISA-2022 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ НЗМ НӘТИЖЕЛЕРІ



* PISA іріктемесінің бір немесе бірнеше стандарты сақталмады.

Әзірленді:

NIS-Programme бағдарламасы бойынша **244** оқу бағдарламалары мен жоспарлар

NIS-Programme бағдарламасы бойынша **97** оқу-әдістемелік кешен

ҚР МЖМББС бойынша **96** оқу-әдістемелік кешен әзірленді

Оқушылардың білім беру бағдарламасын игеру дәрежесін бағалау және оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингілеу мақсатында критериалды бағалаудың кешенді жүйесі енгізілді, онда конкурстық іріктеуден бастап сыртқы қорытынды аттестаттауға дейінгі үдерістер қамтылған. Оқу барысында әр оқушы шамамен **180** жеке есеп алады.

6 Зияткерлік мектептер мен Астана қаласындағы халықаралық мектеп Халықаралық Бакалавриат (IB) бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүзеге асырады.

7 PISA-2022 Database (<https://www.oecd.org/pisa/data/2022database/>) нәтижелерінің материалдарына, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, 2023 ж. Ақпарат ашық қолжетімді.

100 000-нан астам бағалау құралдары әзірленді

Бағалау рәсімдерінің қорытындысы бойынша **2 млн**-нан астам есеп дайындалды

Сараптама және сертификаттау зерттеу орталығы Нидерландылық Сараптама және сертификаттау зерттеу орталығы (Research Center for Examination and Certification) ұйымдастырған тәуелсіз аккредиттеуден сәтті өткендігіміз конкурстық іріктеу жүйесінің әділеттілігін, ашықтығын және жоғары стандарттарға сәйкестігін растайды.

HundrED8 ұйымы «Қалыптастырушы бағалауда белсенді болу» жобасын әлемдегі ең үздік 100 инновациялық идеялар тізіміне енгізеді⁸.

Халықаралық білім беру мәселелері бойынша Кембридждің бағалау кеңесімен аккредиттелетін сыртқы жиынтық бағалау қорытындылары бойынша Зияткерлік мектепте оқыған 12-сынып түлегіне сертификат беріледі. Аталған сертификатты халықаралық біліктілік ұйымдары, сондай-ақ саны жағынан жыл сайын өсіп келе жатқан Қазақстан мен әлемнің жетекші жоғары оқу орындары мойындады.

САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР

Зияткерлік мектептерде тәрбие жұмысы мен қосымша білім беруді қамтитын сабақтан тыс жұмыс жүйесі жақсы жұмыс істейді. Отанын сүйетін, қарекетшіл, бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу мақсатында әлеуметтік жобалар мен практикалар, элективті курстар, үйірмелер, спорт секциялары, қызығушылық клубтары, жазғы мектеп және еріктілер қозғалысы жүзеге асырылады.

«Туған елге тағзым», «100 кітап», «Қазақ әндері», «100 күйдің тарихы», «Қоғамға

қызмет ету», «Ұрпақтар сабақтастығы», «Ұлы дала ақындары» жобалары мен әлеуметтік практикалары құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ білім мен (танымдық, әлеуметтік-эмоционалды, практикалық және физикалық)⁹ дағдыларды дамыта отырып, оқу бағдарламаларының мазмұнын толықтырады. «NIS- Engineering» зертханасында оқушылар техникалық дағдыларды, сондай-ақ инженерлік және зерттеушілік ойлауды дамытады.

Академиялық жетістіктерден басқа, оқушылар республикалық және халықаралық шығармашылық және спорттық жарыстарда жақсы нәтиже көрсетеді (тек 2021-2023 жылдар аралығында шығармашылық жарыстарда – **958**, спорттық жарыстарда – **280** жүлдегер).

Зияткерлік мектептердің **1000** оқушысы қатысқан домбыра сабағы Гиннестің рекордтар кітабына енді

ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

Зияткерлік мектептерде NIS-programme мен халықаралық бакалавриат бағдарламасын үш тілде жүзеге асыратын білікті педагогтердің кәсіптік оқыту қауымдастығы (PLC)¹⁰ құрылды. Ғылыми-әдістемелік мамандар ретінде олар оқу бағдарламаларын, бағалау үдерістері мен құралдарын, оқыту мен оқудың заманауи технологияларын әзірлеп және сараптап қана қоймай, сонымен қатар білім беру менеджерлері болып табылады, яғни қауіпсіз оқу ортасы, білім беру қызметтері мен ресурстарының бәсекеге қабілеттілі болуы, педагогикалық үдерістердің жүйелілігі мен персоналдың сапасына жауап беретін көп деңгейлік менеджерлер болып табылады.

Бүгінгі таңда Зияткерлік мектептерде **2 740** мұғалім жұмыс істейді, оның ішінде **1** шебер-мұғалім, **8** зерттеуші-мұғалім, **649** сарапшы-мұғалім (24%), **986** модератор-мұғалім

8 «HundrED.Org» (Финляндия) – білім беру саласында зерттеулермен айналысатын, тәжірибе алмасу және бүкіл әлем бойынша білім беруді жақсарту мақсатында білім беру саласындағы инновацияларды қолдайтын және тарататын бей-коммерциялық ұйым.

9 Bloom's Revised Taxonomy: Cognitive, Affective, and Psychomotor

10 Professional Learning Community

(36%), **839** мұғалім (31%) және **257** тағылымдамашы-мұғалім (9%), **100** шетелдік педагог.

Мұғалімдердің 30%-ы тренерлер болып табылады, олардың **391**-і халықаралық сертификациядан¹¹ өткен. **70** педагог Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының түлегі, **139** мұғалім Назарбаев университетінің және **55** адам Зияткерлік мектептің түлектері болып табылады.

2019 жылы алғаш рет «Әлем мұғалімі» атты жаһандық премияның топ-50 финалында Қазақстанның атынан Зияткерлік мектеп мұғалімі шықты. «Әлем мұғалімі» ұлттық премияның топ-10-дығына Зияткерлік мектептердің 6 мұғалімі кірді, олар «Global Teacher Prize» елшісі атанды.

ЖАҒАНДЫҚ СЕРІКТЕСТІК

ДББҰ-ның Кембридж университеті, Джонс Хопкинс университетінің дарынды жастар орталығы, Cito педагогикалық өлшемдер институты, Лондон университеттік колледжі және т. б. сияқты жетекші халықаралық білім беру ұйымдарымен ынтымақтастығының нәтижесінде инновациялық білім беру бағдарламасы, оқулықтар, кешенді бағалау жүйесі мен педагогтерді кәсіби дамыту бағдарламалары әзірленіп, енгізілді.

ДББҰ жетекші халықаралық ұйымдармен әртүрлі салалар мен жобаларда серіктесіп жұмыс істейді. 2016-2022 жылдар аралығында ДББҰ ЭЫДҰ-ның «Білім мен дағдылардың болашағы: Білім беру-2030» жобасының ұлттық үйлестірушісі болды; World Robot Olympiad Association халықаралық ұйымына мүше ел, The World Association of Lesson Studies (WALS) сабақтарды зерттеу қауымдастығының ұлттық үйлестірушісі, білім берудегі халықаралық бағалау қауымдастығы (IAEA) мен Еуропалық білім беруді бағалау қауымдастығының (AEA-Europe) мүшесі, AEA-Europe платформасында жан-жақты кешенді бағалау мәселелері жөніндегі арнайы топты (Holistic Assessment Special Interest Group)

басқарады. Сонымен қатар, ДББҰ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі БҰҰДБ жобасына; мектеп әл-ауқаты мәселелері жөніндегі ЮНЕСКО жобасына және тағы басқаларға қатысады.

Тәуелсіз сыртқы бағалауды халықаралық ұйымдармен ынтымақтасып өткізу нәтижесінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасы артады және мектептердің тұрақты дамуы қамтамасыз етіледі¹². Осы мақсатта 2014 жылдан бастап Зияткерлік мектептер жоғары халықаралық стандарттарға сәйкестігін растайтын халықаралық аккредиттеу рәсімінен өтеді. 2019 жылы 20 Зияткерлік мектеп, 2023 жылы Астана қаласының Халықаралық мектеп кеңесінің (Council of International Schools, CIS) халықаралық аккредитациясын алды. Мектептер қайта аккредиттеу рәсімінен 5 жыл сайын өтулері керек, осылайша олар жоғары сапалы білім беруге, тұрақты дамып, жетілуге ұмтылатынын растайды. 2023 жылы Астана (ФМБ, ІВ), Көкшетау, Семей және Өскемен қалаларындағы 5 Зияткерлік мектеп қайта аккредиттеу кезеңінен сәтті өтті. ДББҰ-ның 19 қызметкері халықаралық сертификатталған CIS сарапшылары болып табылады және шетелдік мектептерді аккредиттеуге қатысады.

ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ

ДББҰ тәжірибесін тарату маңызды стратегиялық бағыт болып табылады. Үздік әлемдік тәжірибелерді жинақтап, Зияткерлік мектептерде сынау және кейін оларды еліміздің мектептеріне тарату арқылы Қазақстанның орта білім беру жүйесінде адами капиталды дамытып, арттыруға болады.

Білім берудің барлық деңгейлерінде жұмыс істейтін **338 809** педагог оқытылды

Әдістемелік қолдау аясында **81 071** курстан кейінгі іс шара өткізілді

640 430 респондентті қамтитын

141 мониторингтік зерттеу жүргізілді

11 CELTA, DELTA, TKT, STEM, CLIL, CTY, IB, CIS, Robotics және т. б. сияқты Халықаралық біліктіліктер.

12 OECD (2013). Synergies for Better Learning: An International Perspective on Evaluation and Assessment. In OECD Publishing, Paris

2012 жылдан бастап білім берудің барлық деңгейлерінің басшылары мен педагогтері үшін біліктілікті арттыру курстары өткізілуде. Курс бағдарламалары білім беру саласындағы жүйелі жаңартуларды көрсетіп, педагогтерді өзекті кәсіби ақпаратпен қамтамасыз етеді, іс жүзінде қолдануға болатын білім беруге бағытталып, келесі бағыттарда жүзеге асырылады: оқыту мен оқудың әдістемесі мен технологиялары, білім беру мазмұны мен бағалау, педагог практикасындағы зерттеулер, менеджмент пен көшбасшылық, оқушылардың тәрбиесі мен әл-ауқаты.

ДББҰ-ның білікті мамандар командасы халықаралық серіктестермен бірлесіп, курсқа дейін педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін зерттеу негізінде **280** қолданбалы білім беруге бағытталған оқыту бағдарламасын әзірледі. Біліктілікті арттыру курстарын тиімді түрде жүзеге асыру мақсатында халықаралық стандарттар бойынша сертификатталған **7 463** тренер оқытылды.

11 білім беру бағдарламасында ACQUIN аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институтының (Германия) халықаралық сапа стандарттарына сәйкестік сертификаты бар

Бүгінгі таңда ДББҰ-ның тәжірибесі **2000** жетекші мектеп арқылы басқа жалпы білім беретін мектептерге таратылуда. Бұл ең жақсы тәжірибелер мен әдістермен бөлісуге, білім сапасын дамытуға және бүкіл ел бойынша оқушылардың білім деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

CESS Education Awards 2023¹³ беделді сыйлығында «Жетекші мектептердің» жұмыс тәжірибесі «Әлеуметтік үлесі үшін марапат» номинациясында топ-12-ге кірді, бұл Қазақстанда білім беруді дамытуға қосқан елеулі үлесін мойындау болып табылады.

2020 жылдан бастап тәжірибені тарату **ауыл мектептеріне** басымдық бере отырып жүргізіледі. «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасына **79** ауылдық мектеп тартылды. Олар алған білімдерін каскад әдісі бойынша өңірдегі өзге де жақын орналасқан мектептерге таратады. Жалпы, бұл бастама бірыңғай Қазақстан мектептерінің қоғамдастығын құруға ықпал етеді, мұндай қоғамдастық үздік білім беру тәжірибелерін ұлттық деңгейде таратып, білім беру сапасын арттыруға көмектеседі.

Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің **16 289** оқушысы оқу жетістіктерінің мониторингінен өтті

Мониторинг нәтижесінде мектеп оқушылары мен мұғалімдері үшін **79 428**-нан астам есеп әзірленді

2016 жылы тәжірибені тарату аясында ДББҰ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне ҚР-ның бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің **3** мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, **163** оқу бағдарламасын және **464** оқу жоспарын әзірлеп, тапсырды.

Педагогтерді әдістемелік қолдау үшін 2016 жылдан бастап «Жүйелік-әдістемелік кешен» атты онлайн-платформа жұмыс істейді, онда үш тілде нормативтік-құқықтық құжаттар, 1-11 сыныптарға арналған барлық пәндердің әр сабағына материалдар орналастырылған. 2023 жылдың желтоқсан айындағы деректер бойынша платформада **441 128** пайдаланушы тіркеліп, **109,7 млн** түрлі материал жүктелді.

2020 жылдың маусым айында ДББҰ Bilim Media Group компаниясымен бірлесіп, Online Мектеп білім беру платформасы үшін Қазақстанның 1-11 сынып оқушыларына арналған барлық оқу пәндерінен цифрлық контент әзірлеу жобасын бастады.

13 Ерекше және жоғары сапалы білім беру өнімдері, ресурстары және қызметтері үшін білім беру ұйымдары мен мамандарына берілетін марапат.

24 357 сабақ және **550 000** тапсырма әзірленді

2023 жылдың желтоқсан айындағы деректерге сәйкес пайдаланушылар саны: еліміздің **5105** мектеп, **2,3 млн** оқушы, **297 мың** педагог

COVID-19 індеті кезінде ДББҰ мамандары ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Қашықтықтан оқытуды үйренемін» атты онлайн-курс әзірледі.

Осы курстың арқасында **400 000**-нан астам педагог асинхронды форматта оқытудан сәтті өтті, олар қашықтықтан оқыту сервистері мен платформаларын пайдаланып, оқытуды жоспарлау, өткізу және ұйымдастыру дағдыларын жетілдіре алды. Қашықтықтан оқыту әдістері мен ерекшеліктері туралы 9 түсіндірме бейнеролик әзірленді. Олар **700 000**-нан астам қаралым жинады.

Қашықтықтан оқыту жағдайында балалардың оқуға деген ынтасы мен жауапкершілігін арттыруға бағытталған «Бақытты ата-ана – табысты бала» курсы аясында **35 000**-нан астам ата-ана оқытылды.

Аталған атқарылған жұмыстар педагогтер мен ата-аналарға сапаны елеулі жоғалтпастан қашықтықтан оқытуды тиімді ұйымдастыруға қажетті дағдыларды тез меңгеруге мүмкіндік берді.

Қазақстанда орта білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу аясында жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау жүйесі сыналып, енгізілді. Ол білім мазмұнына негізделген және күтілетін нәтижелерге қол жеткізілгенін, не жеткізілмегенін өлшеуге мүмкіндік береді. ДББҰ бағалау жүйесі бойынша мектептерге әдістемелік және ресурстық қолдау көрсетеді.

40 000-нан астам бағалау құралдары әзірленді

Бағалау бойынша **2000**-ға жуық әдістемелік ұсынымдар дайындалды

Ағымдағы және қорытынды бағалау арасындағы сабақтастықты сақтау мақсатында 2020 жылдан бастап 9 және 11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау форматы мен мазмұны қайта қаралды, нәтижесінде бұл оқушылардың білім деңгейін тексеріп қана қоймай, сонымен қатар олардың жоғары деңгейдегі білім мен дағдыларды өмірде қолдана білу қабілетін анықтауға мүмкіндік берді. Қорытынды аттестаттаудың жаңа форматы аясында **157** тест спецификациясы, **11 мыңнан** астам тапсырма, **21** бейнеролик дайындалды.

ДББҰ тәжірибесін таратуға жалпы білім беретін мектептерде тәрбие және кітапхана жұмысын ұйымдастыру да жатады.

Жеке тұлғаны тәрбиелеу жобалары, «Шаңырақ» мектеп қоғамдастығы, «Туған елге тағзым» өлкетану-зерттеу жобасы, ата-аналар университеті, сондай-ақ түрлі әлеуметтік жобалар аясында **6768** мектеп пен **43 877** педагог үшін тәрбие компонентін іске асыруға бағытталған **1095** семинар өткізілді.

Кітапхананың білім мен өзін-өзі дамыту құралы ретінде оң имиджін қалыптастыру мақсатында Зияткерлік мектеп кітапханаларының инновациялық тәжірибесін тарату арқылы қазақстандық мектеп кітапханалары жаңғырып, дамудың мүлдем жаңа сатысына көшеді. Еліміздің барлық дерлік мектептері үшін **16 000**-ға жуық қатысушыны (кітапханашылар, педагогтер, мектеп әкімшілігі) қамтыған **655** семинар өткізілді. Бұл семинарлар оқу мәдениеті мен шығармашылықты, функционалдық сауаттылықты, сондай-ақ мектепте зерттеу жүргізу жұмыстарын дамыту тақырыптарында өтті. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде мектеп кітапханаларының кәсіби қоғамдастығы құрылды.

Осылайша, ДББҰ тәжірибесін қазақстандық білім беру жүйесіне кешенді және жүйелі түрде тарату шеңберінде біртұтас мақсатқа – елдің зияткерлік әлеуетін арттыруға ұмтылатын жаңа сапалы Қазақстан мектептерінің қоғамдастығын құру үшін іргетас қаланды.



МИССИЯ. ПАЙЫМ. ЖҰМЫС ҚАҒИДАТТАРЫ



МИССИЯ. ПАЙЫМ. ЖҰМЫС ҚАҒИДАТТАРЫ

МИССИЯ

Біз отандық және халықаралық үздік тәжірибені үйлестіре отырып, ұлттық және жаһандық деңгейлерде зияткерлік әлеуетті арттыруға ұмтыламыз.

ПАЙЫМ

- Біздің мектептер білім мен тәрбиені қатар беру философиясын ұстанады, себебі бұл оқуда жетістікке жетіп, оқушылар, педагогтер мен бүкіл мектеп қауымдастығының әл-ауқатты болуына мүмкіндік береді.
- Біз педагогтерге үздіксіз кәсіби даму және өзара тәжірибе алмасу арқылы өзгерістердің көшбасшысы болуға мүмкіндік бере отырып, Қазақстанның білім беру сапасын арттыруға үлес қосамыз.
- Қазақстандық білім беру жүйесінің беделін арттыруға деген ұмтылысымыз жаһандық білім беру аренасында іске асырылуда.



ЖҰМЫС ҚАҒИДАТТАРЫ

ДББҰ өз жұмысында келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

1. Заңдылық және әлеуметтік жауапкершілік

ДББҰ өз жұмысын ҚР Конституциясына, ҚР заңдарына, ҚР Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ ДББҰ Жарғысына қатаң сәйкестікте жүзеге асырады.

ДББҰ әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешу арқылы қоғамның жалпы әл-ауқатына үлес қосатын, әлеуметтік жауапкершілік алатын ұйым идеясын ұстанады.

2. Автономия және өзін-өзі басқару

«Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ДББҰ үшін басқару және шешім қабылдау дербестігі берілген, алайда ол қоғам алдында жауап және есеп беруі тиіс.

3. Алқалық және үлестірілген көшбасшылық

Шешімдер алқалы түрде Жоғары қамқоршылық кеңес, Қамқоршылық кеңес және атқарушы органмен қабылданады. Мектептерде Директорлар кеңесі, Мектепішілік басқару, Қамқоршылық кеңестер, Ата-аналар комитеттері, Оқушылар кеңестері, Педагогикалық кеңестер, Әдістемелік кеңестер жұмыс істейді.

4. Инновация және академиялық еркіндік

ДББҰ үнемі жаңа әдістер мен инновациялық технологияларды тиімді қолдануға тырысады. «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ДББҰ-ға білім беру бағдарламаларын, білім беру қызметін жүзеге асыру технологияларын, сондай-ақ ғылыми зерттеу бағыттарын әзірлеп, таңдауда дербестік берілген.

5. Ашықтық

ДББҰ өз жұмысында ашықтық қағидаттарын ұстанады, сондықтан ұйымның барлық жұмысы қоғамға ашық, алайда бұған коммерциялық мүдделерді қорғауға және заңда көзделген мемлекеттік немесе басқа құпияларды жария етпеуге байланысты жағдайлар кірмейді.

6. Ынтымақтастық және қолдау көрсету

ДББҰ педагогтер мен оқушыларға идеялармен және заманауи ресурстармен алмасып, ынтымақтастық пен өзара әрекеттесу арқылы үздіксіз білім алуға мүмкіндік жасайды. ДББҰ білім беру саласындағы стратегиялық серіктестермен қарым-қатынас орнатуға және нығайтуға ұмтылады.

7. Білім, ғылым және практиканы кіріктіру. Зерттеулер негізінде даму

ДББҰ енгізетін инновациялар қазақстандық және халықаралық ғалымдардың зерттеулері мен еңбектерінің жемісі болып табылады. ДББҰ зерттеулер мен іс жүзінде сынау білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі екенін мойындайды.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР



СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

Стратегия-2035 3 іргелі негіздегі 3 стратегиялық бағытты қамтиды (1-суретті қараңыз). Стратегиялық басым бағыттарды жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында 3 негізгі қолдау факторы анықталды: зерттеулер негізінде даму, цифрлық экожүйені құру және қаржылық тұрақтылық.



1-сурет. Стратегия-2035 құрылымы

ІРГЕЛІ НЕГІЗДЕР

1. АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ТАБЫСТЫ БОЛУДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Инновациялар мен технологиялардың қарқынды дамуы көбінесе экономиканы дамытудың негізгі элементі болып табылатын адами капиталдың құндылығына байланысты. «Тиімді адами капитал экономикасы» тұжырымдамасын ұстана отырып, ДББҰ ұлттық және жаһандық деңгейде білім беру сапасын арттыруды, жоғары тәртіптегі білім мен дағдыларды қалыптастыруды, талантты дамытуға қаржы салуды және оқу мен кәсіби қызметтің қолайлы ортасын қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Бұл шаралар экономиканың ұлттық деңгейде өсуіне, жаһандық ауқымда – БҰҰДБ-ның Адам дамуы индексінің және Дүниежүзілік Банктің адами капитал индексінің өсуіне ықпал етеді.

Дүниежүзілік Банктің адами капиталды дамыту жобасында¹⁴ адам капиталы адамдарға әлеуетін өркендетіп, қоғам дамуына үлес қосуға мүмкіндік беретін олар өмір бойы қаржы құйып, жинақтайтын білімі, дағдылары мен денсаулығы ретінде анықталады.

БҰҰДБ адам дамуының индексіне сәйкес сауаттылық пен білімдарлық адам әлеуетінің негізгі сипаттамалары ретінде өлшенеді. 2021–2022 жылдардағы адам дамуы туралы Баяндамада¹⁵ БҰҰДБ адам дамуының мақсаттарын жан-жақты кеңейту үшін білім беру саласына инвестиция жасаудың маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл инвестициялар шарасыз және қатты толғаныстар кезінде адамзатты қорғауға көмектесетін маңызды тұрақтандыру функциясын орындайды.

Адами капиталға салынған инвестициялар ұзақ мерзімді, стратегиялық сипатқа ие, олар ДББҰ-ға ұлттың әл-ауқаты мен өркендеуін арттыруға деген ұмтылыстарды, сондай-ақ академиялық саладағы жетістіктермен қатар елге таратылатын жаһандық саналылықты нығайтуға мүмкіндік береді.

2. ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰСТАНУ

Қазіргі жаһандану және бірыңғай жаһандық ақпараттық кеңістіктің дамуы жағдайында жаңғырту қағидаттары мен ұлттық құндылықтардың негізін сақтау императивтерінің синергиясы маңызды болып табылады. Бұл тұрғыда ДББҰ тарихи және мәдени мұраны, ұлттық бірегейлікті, патриотизмді, толеранттылықты және ұрпақтар сабақтастығын сақтау және нығайту саясатын ұстанады.

Бұл ұстаным ДББҰ желісіндегі барлық білім беру қызметінде және адами капиталды кәсіби дамытуда, сондай-ақ отандық және халықаралық деңгейде тәжірибені таратуда көрініс табуы тиіс. Зияткерлік мектептердің білім беру саласындағы негізгі мақсаттардың бірі жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Бұл мемлекетіміздің тұрақтылығының негізі.

3. ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Қарқынды технологиялық даму, жаһандану, климаттың өзгеруі және әлеуметтік сын-қатерлердің орын алуына орай ХХІ ғасырда тұрақты даму ең басты тұжырымдамаға айналуға айналуда. Халық, қоғам, ел және әлемнің әл-ауқатын арттыру жолындағы ДББҰ-ның мақсаты – тұрақты дамудың негізгі үш құрамдас бөлігінің (әлеуметтік жауапкершілік, экологиялық тепе-теңдік, экономикалық өсу) бірдей деңгейін қамтамасыз ету.

Осыған байланысты ДББҰ БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) жүзеге асыруға міндеттенеді¹⁶:

- жақсы денсаулық пен әл-ауқат
- сапалы білім беру
- таза энергия
- лайықты жұмыс және экономикалық өсу
- индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым
- теңсіздікті қысқарту
- тұрақты қалалар және елді мекендер

14 <https://www.vsemirnyjbank.org/ru/publication/human-capital/brief/the-human-capital-project-frequently-asked-questions#1>

15 <https://hdr.undp.org/system/files/documents/global-report-document/hdr2021-22overviewwrapdf.pdf>

16 <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/>

- жауапты тұтыну және өндіріс
- климаттың өзгеруімен күрес
- тұрақты даму үшін серіктестік.

Басым ТДМ-ды анықтау мақсатында Қазақстан халқына жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сәйкес респонденттер қазақстандықтардың әл-ауқатын қамтамасыз ететін дамудың аса маңызды бағыттары ретінде «жақсы денсаулық пен әл-ауқатты» (65,4%) және «сапалы білім беруді» (59,7%) атады.¹⁷

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ I

НЗМ: Кемелдікке ұмтылу

МАҚСАТЫ: Оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуды кіріктіру арқылы кешенді түрде іске асырылатын үйлесімді тұлғаны толыққанды дамыту, педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы және жалпы мектептегі салауаттылықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

1. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТОЛЫҚҚАНДЫ ДАМУЫ

«Кімнің білімі көп, махаббаты мол, шыншыл болса – сол адам ақылды, ғалым, бүкіл әлемді билейді»

Абай Құнанбаев

Заманауи технологиялық инновациялар еңбек нарығының дәстүрлі құрылымын өзгертеді, жаңа мамандықтарды енгізеді және дәстүрлі салалардың жұмыс сипатын өзгертеді. Алдағы 5 жылда нарық талаптарының жылдам өзгеруіне байланысты жұмысшылар кәсіби дағдылардың 44%-ын жоғалтады деп болжануда (The Future of Jobs Report 2023)¹⁸. Осы зерттеуге сәйкес, когнитивті дағдылар – ең тез дамиды дағдылар, бұл жұмыс орнындағы күрделі мәселелерді шешудің маңызды екенін дәлелдейді. Шығармашылық ойлау аналитикалық ойлауға қарағанда

ДББҰ-ның икемділігі мен қаржылық тұрақтылығы – белгісіздік пен өзгергіштік жағдайында табысты жұмыс істеудің маңызды алғышарттары. Бұл инновациялық ұйымдастырушылық шешімдермен қатар, ұйым ішіндегі мәдени және корпоративтік өзгерістерді талап етеді.

Тұрақты дамудың үздік тәжірибелерін қолдана отырып, ДББҰ елдің әрбір азаматының қауіпсіз және салауатты өмір сүруін қамтамасыз етуге үлес қосады.

тезірек маңызды бола бастайды. Технологиялық сауаттылық негізгі дағдылардың арасында даму қарқыны бойынша үшінші орында. Жұмыс берушілер әлеуметтік-эмоциялық дағдылардың ішінде қызығушылық, өмір бойы білім алу қабілеті, тұрақтылық, икемділік пен ептілік, мотивация және өзін-өзі тану сияқты дағдыларды маңызды деп санайды. Солармен қатар ең көп сұранысқа ие дағдылардың ондығына жүйелік ойлау, жасанды интеллект және үлкен деректерді талдау, таланттарды басқару, қызмет көрсетуге бағдарлану және тұтынушыларға қызмет көрсету кіреді. Осылай еңбек нарығында когнитивтік және әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды дамытудың маңыздылығы арта түседі. 2027 жылға дейін жұмысшылардың шамамен 60%-ын қайта даярлау немесе біліктілігін арттыру қажет болады. Осыған орай, өзгермелі еңбек нарығының талаптарына сай келу үшін адамдар жаңа дағдыларды дамыта және игере білулері керек болады.

Білім беру бағдарламасын жетілдіру, оны іске асыру, оқушылардың оқу жетістіктері мен оқушылардың әл-ауқатын бағалау жүйесін жетілдіру

Білім беру бағдарламасының мазмұны, бағалау жүйесі мен педагогикасының жылдам өзгеретін әлемнің қажеттіліктеріне сәйкес келуін

17 Қазақстанның ТДМ бойынша ерікті ұлттық шолуларын 2019 және 2022 жылдары ҚР Ұлттық экономика министрлігі БҰҰ ТДМ бойынша Біріккен Қорының қолдауымен «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ-мен бірлесіп дайындады: https://economy.kz/ru/Celi_ustojchivogo_razvitiya/Nacionalnyj_otchet/

18 <https://www.weforum.org/reports/the-future-of-jobs-report-2023/>

қамтамасыз ету үшін бағдарламаны инновациялық және бейімделген білім беру ортасын қолдау мақсатында жүйелі қайта қарау қажет. Бұл бағыттағы негізгі қадамдар:

- қазақстандық және халықаралық тәжірибені кіріктіру арқылы NIS-Programme білім беру бағдарламасын өзектендіру
- нақты стандарттарды белгілеу, нәтижелерді бағалау және білім беру бағдарламасының академиялық және практикалық бағытын үйлестіру
- игілікті ортаны құру және білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін тәрбиелік компонентті күшейту

Оқушылардың қазіргі қоғамда табысты бейімделіп, жұмыс істеуі үшін қажетті білім, сауаттылық түрлері, дағдылар мен құндылықтарды қамтитын **негізгі құзыреттіліктерін** дамытуға басымдық беріледі.

Олар адамның құбылмалы жағдайларға бейімделу қабілетін, сондай-ақ білім алып, алған білімі мен дағдыларын өмірде қолдана алу қабілетін көрсетеді, атап айтқанда, әлеуметтік өзара әрекет ету, жеке өмір, білім, өзін-өзі дамыту және болашақ кәсіпке байланысты әртүрлі мәселелерді шешуде адам қаншалықты өз білімі мен біліктерін қолдана білетінін көрсетеді.

NIS-Programme 2.0 жаңартылған білім беру бағдарламасы пәндері бойынша оқу бағдарламалары – зерттеу дағдыларын, жүйелік және инженерлік ойлауды дамытуға бағытталған. Цифрлық әлем деректердің үлкен қорына қол жеткізуге, сондай-ақ күнделікті өмірде пайдаланушылардың ақпараттық мінез-құлқын өзгертуге мүмкіндік береді, сондықтан NIS-Programme 2.0 білім беру бағдарламасында цифрлық дағдыларды дамытуға ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, **құндылыққа бағытталған оқытуды** жүзеге асыру мақсатында әр сабаққа үйлесімді дамыған тұғаны қалыптастыруға бағытталған құндылықтар енгізілетін болады.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру білім беру ресурстарын (цифрлық ресурстарды қоса алғанда) Зияткерлік мектеп педагогтерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларын және Зияткерлік мектептерде білім беру қызметін ұйымдастыруға байланысты басқа да құжаттарды әзірлеумен қатар жүреді.

Бағалаудың кешенді жүйесінде аналитикалық және болжамды деректерді ұсыну арқылы оқушылардың оқу қабілеттерін дамыту және мұғалімдерді оқыту әдістерін жетілдіру мақсатында төмендегідей инновациялық тәсілдер кіріктірілген:

Біртұтас тәсіл оқушылардың білімі мен дағдыларын бағалауға ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамытуға, мұғалімдерді оқыту практикасын жақсартуға бағытталған

Жеке тұлғаға бағдарланған тәсіл – сабақты жоспарлауда тапсырмалардың күрделілік деңгейін таңдаған кезде оқушының жеке қажеттіліктері мен қабілеттерін ескеру

Контекстік тәсілдеме – бағалау контекстін аймақтық ерекшеліктер мен білім беру үрдістеріне бейімдеу

Технологиялық инновациялар – цифрлық шешімдер мен құралдарды пайдалану, соның ішінде онлайн тестілеу, компьютерлік-бейімделген тестілеу, нәтижелерді бағалаудың онлайн платформалары

Ынтымақтастық және кері байланыс – оқушыларды, тәрбиешілерді, ата-аналарды және басқа да мүдделі тараптарды бағалау үдерісіне тарту мақсатында кері байланыс беру

Қоғамдық үмітке сәйкестік – түлектердің қоғамға сәтті еніп, қателеспей мамандық таңдауын қамтамасыз ету

Бағалау жүйесінің айрықша ерекшелігі жоғары тәртіп дағдыларын, сондай-ақ әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды дамытуға бағытталғандығы болмақ. Мұндай дағдыларды игеру оқушылардың мінез-құлқы мен эмоцияларын реттеуге ықпал етеді, олардың құрдастарымен және мұғалімдермен қарым-қатынасын жақсар-

тады, мектеп ортасына бейімделуін жеңілдетіп, жоғары академиялық нәтижелерге қол жеткізуге жағдай жасайды.

Бағалаудың тұжырымдамалық шеңбері әзірленді; бағалау құралдары бейімделді, әзірленді және апробациядан өтті; цифрлық платформаны әзірлеу жоспарлануда.



2-сүрет. NIS-Programme 2.0


Құндылықтарға негізделген білім беру

«Толыққанды білім – баланың жан саулығы мен тән саулығын, сондай-ақ ақыл-ойының дамуын қамтитын білім беру»¹⁹

Оқушылардың толыққанды дамуының негізі – өз әлеуетін жүзеге асыра алатын, өзінің өмірі мен қоршаған ортасының сапасын жетілдіре алатын

адамды қалыптастырудың жетекші факторы болып табылатын құндылықтарды дарыту.

NIS-Programme 2.0 білім беру бағдарламасы келесі негізгі құндылықтарды анықтайды: **құрмет, ашықтық, отансүйгіштік және жауапкершілік, еңбек және шығармашылық, адалдық, отбасы құндылықтары мен дәстүрлері, денсаулық және әл-ауқат, жаһандық азаматтық.** Бұл жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар өмірлік бағдар ретінде қызмет етеді және оқушыға үйлесімді дамыған интеллектуалды тұлға болуға мүмкіндік береді.



19 Miller, J. P., Karsten, S., Denton, D., Orr, D., & Colalillo Kates, I. (2005). *Holistic learning and spirituality in education: Breaking new ground* (c. 250).

Тұлғаны жан-жақты дамыту жүйесі (оқу, сабақтан, мектептен тыс) кешенді білім беруге бағытталған, мұнда тек оқу мақсаттары ғана жүзеге асырылып қоймай, оқушылар толыққанды (танымдық, әлеуметтік, эмоциялық, адамгершілік, психикалық және физикалық тұрғыдан) дамытылады. Сабақтан тыс және мектептен тыс жұмыстар элективті курстар, олимпиадалар, ғылыми жобалар, startup жобалары, шығармашылық және спорттық үйірмелер, спартакиадалар, хакатондар, әлеуметтік тәжірибелер, арт-фестивальдар, флешмобтар, педагог-психологтардың кеңестері және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

Зияткерлік мектептер оқушыларды ерікті болуға белсенді түрде тартуды жоспарлауда. Еріктілік оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Мұндай іс-шаралар көсбасшылық және тиімді қарым-қатынас дағдыларын, шығармашылық және инновациялық ойлау жүйесін дамытуға, әлеуметтік жауапкершілік пен жалпы қоғамның, туған жерінің және мектептің бір бөлшегі ретінде сезінуге, азаматтық белсенділікті, моральдық құндылықтар мен этикалық қағидаттарды дамытуға ықпал етеді. Еріктілік оқушыларға талпынысын арттыруға, қиындықтарды жеңуге және тұлға ретінде дамуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың танымдық және танымдық емес дағдыларының даму деңгейін өлшеу және оларды одан әрі дамыту мақсатында мониторингтік зерттеулер жүргізіледі, олардың нәтижелері оқушыларды жан-жақты дамыту тәсілдері мен құралдарын жақсарту үшін пайдаланылады. Жан-жақты дамыту үшін цифрлық шешімдерді де қолданған жағдайда, оқушылар негізгі құзыреттіліктерді (әлеуметтік, коммуникативтік, тұлғалық, адамгершілік) өз беттерімен игеріп, мектеп қоғамдастығына қатыстылық сезімін қалыптастырады. Бұл жүйе және оны жүзеге асыру құралдары Зияткерлік мектеп оқушыларын жан-жақты дамыту жөніндегі педагогикалық тұжырымдамада анықталған.

Оқушыларды оқыту мектеп қоғамдастығының, отбасы мен қоғамның тығыз ынтымақтастығы мен өзара әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Мұндай өзара әрекет әрбір оқушының дамуы мен әл-ауқаты үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Оқушыларды кәсіби бағдарлау

Зияткерлік мектептерде мектеп әкімшілігінің, психологтардың, педагогтер мен ата-аналардың тығыз өзара әрекетін қамтитын оқушыларды кәсіби бағдарлаудың кешенді жүйесі құрылған. Жоғары мектеп оқушылары үшін құрылған онлайн алаң әрбір оқушыға мамандық таңдау және одан әрі ЖОО-ға түсу бойынша өзінің жеке маршрутын құруға мүмкіндік береді. Alumni NIS түлектерінің қауымдастығы да маңызды рөл атқарады, оның мүшелері форумдар, кездесулер мен шеберлік сабақтар ұйымдастыру арқылы еліміздің және әлемнің жетекші университеттеріне оқуға түсу және онда білім алу бойынша оқушылармен өз тәжірибелерімен бөліседі.

Еліміздің және әлемнің университеттеріне түсуге қойылатын саясат мен талаптардың өзгеруін, сондай-ақ еңбек нарығындағы өзгерістерді ескере отырып, оқушылардың кәсіби құзыреттіліктерін одан әрі дамыту қажет. Осы мақсатта оқушылардың бейіндік пәндер мен өзінің болашақ оқу жолын саналы түрде таңдауына көмектесетін жұмыс күшейтілетін болады.

Сондай-ақ ЖОО-ға қабылдану бойынша кеңес беретін ұлттық қауымдастық (National Association for College Admission Counseling), ЖОО-ға қабылдау бойынша кеңестің халықаралық қауымдастығы (International Association for College Admission Counseling) және жоғары оқу орындарына халықаралық қабылдау жөніндегі CIS жаһандық форум (CIS Global Forum on international admission and guidance) сияқты жетекші ұйымдармен тәжірибе алмасу жалғасады.

Түлектер қауымдастығы

«Alumni Nazarbayev Intellectual School» түлектер қауымдастығы түлектер арасындағы өзара байланысты қолдауда маңызды рөл атқарады, олардың кәсіби дамуына ықпал етеді және Қазақстан қоғамының дамуына және одан тысқары жерлерге елеулі үлес қосады. Alumni NIS түлектердің жеке және кәсіби дамуына ықпал ете отырып, білім, тәжірибе және ресурстармен алмасуға мүмкіндік беретін ортаны құруды, сонымен қатар әртүрлі салаларда ынтымақтастық және әлеуметтік және мәдени бастамаларды қолдау үшін әлеуметтік және кәсіби байланыс желілерін құруды мақсат етеді. Қауымдастық

жалпы білім беру мен қоғамды дамытуда өз рөлінің маңыздылығын мойындатуды көздейді.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Alumni NIS түлектердің әлеуметтік және кәсіптік желісін нығайту және кеңейту, сондай-ақ қазақстандық және шетелдік білім беру және әлеуметтік мекемелермен әріптестік қатынастар орнату жөніндегі жұмысты жалғастырады.

«NIS Endowment Fund» жобасының мақсаты білім беру және қайырымдылық бастамаларын қолдау үшін түлектердің қаржы жинауы. Осындай бастамалардың бірі – әлеуметтік тұрғыдан осал отбасылардан шыққан балаларға Зияткерлік мектептерде оқуға гранттар беру.

Шетелдік жоғары оқу орындарында қауымдастық өкілдерінің желісін құру жөніндегі «NIS Global Ambassadors» бастамасы ерекше назар аударуға лайық, оның міндеті қазақстандық білім беру имиджін ілгерілету үшін шетелдік университеттермен байланыстарды нығайту және әріптестік орнату болып табылады.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

Білімді, цифрлық және қолданбалы дағдылары бар, өзін-өзі реттей алатын, экологиялық тұрғыдан саналы, әлеуметтік қарым-қатынас жүргізе білетін және жаһандық бағдарлау дағдылары бар, трансформацияға дайын, әрі қарай оқуға, өмір сүруге және еңбек нарығына дайын белсенді тұлға.

2. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

Дарынды мұғалімдерді мұқият іріктеу, оларды жүйелі түрде кәсіби тұрғыдан дамытып, өсіру нәтижесінде Зияткерлік мектептерде білікті педагогтердің кәсіби қауымдастығы қалыптасқан.

Педагог кадрлер келесідей қалыптастырылады:

- екі кезеңдік конкурстық іріктеу – мұнда барлығына тең мүмкіндіктер беру қағидаты сақталады, сонымен қатар ол әділетті, ашық және конкурстың өткізілуі мен алқаның шешімі жария етіледі;

- педагогтердің кадрлық резерві, ол конкурс нәтижесінде немесе ЖОО студенттерінің педагогикалық тағылымдамасы, оның ішінде дуалды оқыту қорытындысы нәтижесінде қалыптастырылады;

- мамандар мен жетекші жоғары оқу орындарының үздік түлектерін тарту, егер олар біліктілік талаптарына сай болып жатса, олар конкурстық қабылданады және оларға сәйкесінше жоғары педагогикалық шеберлік беріледі.

Конкурстық іріктеуді өткізу сапасын арттыру мақсатында педагогтердің біліктілігінің әлеуметтік-эмоциялық сыналады; мектеп басшыларының рекрутинг дағдылары дамытылып, дарынды жастар мен жоғары білікті кадрларды тартуға оқытылады; Зияткерлік мектептерде студенттердің педагогикалық практикаларының нәтижелілігін арттыру және бейімделу жүйесін жетілдіру арқылы кадрлық резервті қалыптастыру жүйесін дамыту дамытылады.

Педагогтердің қызметін бағалаудың оңтайландырылған жүйесінің, әдістемелік және тілдік қолдаудың арқасында олардың көлденең (педагогикалық шеберлік деңгейлері бойынша), тік (басқару деңгейлері бойынша) және диагональды (ғылыми-әдістемелік мамандандыру) мансаптық өсуі қамтамасыз етіледі. Кәсіптік әл-ауқат саласындағы зерттеулердің нәтижелері бойынша педагогтерді ынталандыру механизмі әзірленіп жатыр. Зияткерлік мектептер магистрлік және докторлық зерттеулер алаңы және сертификатталған тренерлер ортасы бола алады.

Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру шаралары олардың үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз етіп, көшбасшылар кластерін қалыптастыруы тиіс, мысалы, біліктілік мектеп жұмысына «кіріктіріле», яғни оқытудан қол үзбестен (job-embedded professional development) арттырылуы керек: коучинг; менторлық; Lesson Study, Action Research, Case Study, Case Discussions; мектептегі өзекті проблемалық жағдай бойынша деректерді жинау, талдау және түсіндіру үшін құрылған зерттеу топтары; балалардың оқу нәтижелерін талдау жөніндегі топтар: тәуелсіз бағалау және ағымдағы бақылау деректері; педагогтердің кәсіби даму құралы ретінде портфолионың болуы; оқушылардың жұмысын бірлесіп бағалау; кәсіби оқыту қауымдастықтары (professional learning communities, PLC) және т. б.

PLC педагогикалық практикалар мен идеялармен алмасу алаңдарын құруда шешуші рөл атқарады. Олар оқу мен оқытудағы қиындықтарды талқылау, сондай-ақ жаңа оқыту

тәсілдерін іздену арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді. Бұл қауымдастықтардағы рефлексивті диалог қатысушылардың практикасы мен оқу тәжірибесін талдауға негізделген, бұл оқу әдістерін дамытуға және жетілдіруге көмектеседі. Сонымен қатар, олар педагогтардың кәсіби деңгейін арттыруға және білім сапасын арттыруға үлес қосып, қазіргі зерттеулер мен жаңа тенденциялармен алмасу алаңы қызметін атқарады.

PLC-дегі мектеп директорының рөлі команданың әрбір мүшесінің табысты жұмыс істеуі мен дамуы үшін жағдай жасау, сондай-ақ оң қарым-қатынастар мен тиімді өзара іс-қимылды құру дегенді білдіреді. Ол мұғалімдердің өзара іс-қимылына ықпал ету және әрбір мұғалімнің үнін есту үшін олардың күш-жігерін біріктіруі керек.

«PLC-тің үш үлкен идеясы» – оқу мен оқытудың сапасын жетілдіруге, өзара әрекет ету тәжірибесін дамытуға, жүргізіліп жатқан зерттеулердің нәтижелері негізінде білім беру үдерісін басқаруға бағытталған. Бұл PLC-ті Зияткерлік мектептерде жаңа ұйымдастырушылық мәдениет пен этиканы құру құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

Бірыңғай мақсатқа қол жеткізуге ұмтылатын, көшбасшылар мен инноваторлардың кәсіби қауымдастығына біріктірілген білікті педагогтер – жоғары сапалы білім мен мектептің әл-ауқатын қамтамасыз ету.

3. МЕКТЕПТЕГІ ӘЛ-АУҚАТ ИНДЕКСІ

Зияткерлік мектептердің барлық білім беру қызметін жетілдіру жөніндегі кешенді жұмысының келесі буыны – бүкіл мектеп қауымдастығының әл-ауқатының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін қолайлы және жайлы орта құру.

Оқушылардың әл-ауқатының жоғары деңгейін қамтамасыз ету

Соңғы 5 жыл ішінде әл-ауқат білім беру саласының негізгі үрдісіне айналды, ол «жан-жақты

дамыған баланы» тәрбиелеу қажеттілігінен туындады, мұнда басты фокус танымдық және әлеуметтік-эмоциялық дағдыларға жасалады. Бұл тезисті ЭЫДҰ «Білім беру үрдістері» шолуын үнемі жариялап отыратын сарапшылар растап отыр. Мәселен, 2018 жылдан бастап әл-ауқат білім беру саласындағы жетекші үрдіс болып табылады²⁰.

Әл-ауқаты жоғары оқушылардың өзіне-өзі деген сенімділігі жоғары, өз мектебі мен өміріне қанағаттану деңгейі жоғарырақ болып келеді, сондай-ақ олар басқалармен жақсы қарым-қатынас жасай алады. PISA-2022 нәтижелеріне сәйкес мектептегі үлгерім мен әл-ауқат (оған мектепке қатыстылық және өмірге қанағаттанушылық сезімі кіреді) арасында оң байланыс бар²¹. Мектептегі оқыту балалардың жалпы әл-ауқатына әсер етеді, мұнда мектеп ортасы мен оқушылардың белсенділік деңгейі және сыныптастарымен және мұғалімдермен жағымды қарым-қатынас оқушылар үшін қолайлы ортаны қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Зияткерлік мектептердегі әл-ауқат – дегеніміз жағымды және позитивті оқу ортасы, мұнда білім беру үдерісіне қатысушылар ортақ мақсаттарға ие және барлығы белсенділік танытады, денсаулық пен қауіпсіздік қамтамасыз етіледі, сонымен қатар қайсарлық пен есею қиындықтарымен күресу қабілеті дамытылады.

PISA-2022 нәтижелеріне сәйкес, ата-ананың қолдауы оқушылардың оқуы үшін ғана емес, сонымен қатар олардың әл-ауқаты үшін де маңызды. Үлгерімі жоғары оқушылар ата-аналарының оларға жеткілікті көңіл және уақыт бөлгенін айтты. Басқа балалармен салыстырғанда бұл санаттағы оқушылар математикадан 16–28 балға көбірек жинады. Отбасының оқушылардың әл-ауқаты мен оқу үлгеріміне деген әсерін түсіне отырып, Зияткерлік мектептер көптеген жылдар бойы «Берік отбасы» деген балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған бағдарламаны жүзеге асырып келеді (UNODC-пен серіктестікте). Одан басқа «Оқушылардың мектептен шығуын ертерек алдын алу жүйесі», «Кәмелетке толмағандар

20 OECD (2018), «Good vibrations: Students' well-being», Trends Shaping Education Spotlights, No. 14, OECD Publishing, Paris

21 PISA 2022 Database деректері негізінде, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, 2023 (<https://www.oecd.org/pisa/data/2022database/>)

арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» (UNICEF-пен серіктестікте) бағдарламалары, 11-сыныптарда «Жетістікке жетудің психотехнологиясы: 5 жылға жоспарым», «Болашақты басқару: өзгерістерге қалай оңай және тез бейімделу керек» кәсіптік бағдарлау бағдарламалары; өзін-өзі тану және өміршеңдікті дамытуға бағытталған «Жеке тұлғалық даму» бағдарламасы жүзеге асырылады. 2023 жылы ДББҰ Турку университетімен стратегиялық серіктестік орнатты. Бұл университет Зияткерлік мектептердің жұмысына енгізілетін буллингке қарсы KiVa бағдарламасын әзірледі.

Оқушылардың әл-ауқаты жекелеген мамандардың (психологтар, кураторлар) құзыреті болып қана қалмауы тиіс және осы мақсатта әл-ауқатты қамтамасыз ету бойынша жалпы мектептік тәсілдеме енгізілетін болады. Жалпы мектептік тәсілдеме оқушылардың, қызметкерлер мен үлкен қауымдастықтардың (мысалы, ата-аналар қауымдастығы) қажеттіліктерін тек оқу бағдарламасымен жеке психологиялық бағдарламалар арқылы ғана емес, сонымен қатар бүкіл мектеп пен мектеп ортасы арқылы қанағаттандыруға бағытталған. Яғни оқушылардың әл-ауқатын жақсарту жолындағы мектеп қауымдастығы мен ата-аналардың ұжымдық және бірлескен амалдары жалпы мектептік тәсілдеме болып саналады.

Жалпы мектептік тәсілдемені қамтамасыз ету үшін Зияткерлік мектептер оқушылардың, олардың ата-аналары мен мұғалімдерінің сауалнамасы арқылы мектептің әл-ауқатының деңгейін бағалайтын оқушылардың әл-ауқатының индексін енгізуді жоспарлауда. Индекс келесі параметрлерде жинақталған физикалық және эмоциялық әл-ауқаттың көптеген көрсеткіштерін өлшеуде қолданылады:

- Оқу үдерісі: мазмұнды оқу, өз бетінше білім алу, бағалау, т.б.
- Мектепке көңілі толу
- Өзара іс-қимыл, қарым-қатынас және байланыс
- Сабақтан тыс жұмыстарға қатысу
- Қауіпсіз және жайлы орта
- Психологиялық қолдау
- Дұрыс тамақтану
- Профилактикалық бағдарламаларға қатысу: антибуллинг, суицидтің алдын алу, денсаулық сақтау
- Дербестік және оқушының дауысы
- Ата-аналардың мектеп өміріне қатысуы

Педагогтерге жоғары деңгейлі әл-ауқатты қамтамасыз ету

Зияткерлік мектептердегі мұғалімдердің кәсіби капиталы үш негізгі аспектіні ескере отырып қарастырылады: адами (мұғалімнің таланты мен жеке қабілеті), әлеуметтік (топта пен қоғамда ынтымақтастық қабілеті) және шешім қабылдау капиталы (даналық, дұрыс пайымдау қабілеті). Педагогтердің кәсіби капиталын дамыту педагогтердің әл-ауқатын жақсарту, үздіксіз кәсіби даму мен мансаптық өсуді қамтамасыз ететін іріктеу және аттестаттау жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Адам өмірінің негізгі элементтерінің (денсаулық, кәсіби тұрғыдан даму, қаржылық тұрақтылық, әлеуметтік байланыстар және қолайлы орта сияқты) үйлесімді қатар өмір сүруі әл-ауқат жағдайын береді және well-being тұжырымдамасында көрініс табады, бұл жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ғана емес, сонымен қатар сапалы жаңа шешімдер алып келуге мүмкіндік береді.

Педагогтердің әл-ауқат жүйесін қалыптастыру үшін мүдделі тараптардың санасы мен ұйымда-

стыра алу және сыни көзбен қарай білу қабілеті жоғары болуы тиіс, сонымен қатар қолданыстағы HR-стратегиялары да осыған сай болуы керек. Оған қоса педагогтердің әл-ауқат жүйесі бизнес экожүйені қалыптастырады, яғни мұнда педагог мамандардың қажеттіліктері жіктеледі, жоғары кәсіби нәтижелерге қол жеткізіледі, әр адам тар-

тылған және әр адамға қамқорлық көрсетілетін орта қалыптастырылып, сақталады.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

Мониторингтік зерттеу нәтижелерімен расталатын бүкіл мектеп қауымдастығының жоғары деңгейлі әл-ауқаты мен қанағаттанушылық сезімі.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ II

Қазақстан: білім беру саласында зияткерлік капиталды дамыту

МАҚСАТЫ: Білім беру сапасын арттыру, зерттеулер мен инновацияларды ынталандыру, білім беру ресурстарын әзірлеу, кәсіби шеберлікті дамыту және зияткерлік мәдениетті қалыптастыру арқылы Қазақстанның зияткерлік капиталын дамыту.

Қазақстанның білім беру сапасын жаңғыртуға және жақсартуға деген ұмтылысын ескере отырып, ДББҰ өз алдына келесі міндеттер қояды: өзгерістер енгізетін педагог кадрларды даярлау, Қазақстан мектептерінің кәсіби қоғамдастығын және білім беру ұйымдарын аккредиттеу жөніндегі тәуелсіз агенттікті құру.

4. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ӘКЕЛЕТІН КӨШБАСШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ

Қазіргі әлемде мықты көшбасшылардың қатысуынсыз қоғам мен экономиканың дамуы мен өркендеуі мүмкін емес. Бұл білім беру жүйесіне де қатысты, мұнда педагог қызметкерлерде кәсіби білім және дағдылармен қатар көшбасшылық құзыреттер де болуы керек.

Осыған байланысты ДББҰ ең алдымен білім беру ұйымдары **басшыларының** көшбасшылық құзыреттерін дамытуға бағытталған біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу міндетін қояды. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек²², көшбасшылық құзыреті бар басшылар білім сапасын арттыра алады, себебі олар ұжымның жұмысын жақсы үйлестіре алады және жұмыс сапасын жақсартуға ынталандыра біледі.

Басшының бейнесі:

- өз командасын тиімді басқара алады
- қарым-қатынас орната біледі және шешім қабылдай алады
- білім беру үдерісіне қатысушылармен сенімді қарым-қатынас орнатады
- даулар мен жанжалдарды шешеді және әртүрлі бастамаларға қатысады
- ортақ мақсаттарға жету үшін ресурстарды бөледі

Білім беру үдерісін басқаруда белсенді рөл атқаруы үшін басшылардың құзыреттерімен бірге **педагогтердің** көшбасшылық құзыреттерін дамыту қажет. Педагогтердің көшбасшылық қасиеттерін дамыту арқылы барынша икемді және тиімді әдістерді әзірлеуге, оқытудың кәсіби деңгейі мен сапасын арттыруға, сондай-ақ білім беруде жаңа тәсілдер мен инновацияларды қалыптастыруға болады.

Көшбасшы мұғалімдер өз жұмысында шешім қабылдаған кезде деректер мен басқа дәлелдерді пайдаланады, мүмкіндіктерді мойындайды және бастаманы өз қолдарына алады, адамдарды ортақ мақсатқа жұмылдырады, ресурстарды анықтайды және әрекет етеді, прогресті бақылайды және жағдай өзгерген сайын тәсілді тү-

22 Cardno, C. (2012). *Managing effective relationships in education*. Sage.

зетіп отырады, басқалардың адалдығына қолдау көрсетеді.

Жаңа форматтағы педагогтер бейнесі:

- көшбасшылар
- жоғары біліктілік пен оқушылар мүддесіне адал ниетті көрсетеді
- тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары күшті
- тәжірибелі және үлгі тұтарлық құрметті адамдар
- жаңашыл және коллабораторлар
- оқудағы сенімді көмекшілер

Кадрларды даярлаудың инновациялық әдістерін енгізу бойынша қолда бар ғылыми-әдістемелік әлеуетті ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің дәстүрлі академиялық бағдарламалары арқылы, сондай-ақ «бүйірлік кіру» деп аталатын бағдарлама арқылы жаңа буын педагогтерін оқыту үшін зерттеу педагогикалық университетін құру жоспарлануда²³.

Педагогикалық ЖОО-да мұғалімдерді даярлау үздік әлемдік тәжірибеге және ДББҰ-ның білім беру және зерттеу инфрақұрылымының болуына сүйене отырып, теория мен практиканың түйістіре ұйымдастырылатын болады. Білім беру бағдарламалары мектептердегі қарқынды практикалық модульдер және ДББҰ-дағы зерттеу модульдерін, Зияткерлік мектептердің тәжірибелі педагогтерімен тығыз бірлесіп жұмыстану және заманауи білім беру технологияларын қолдануды қамтитын болады. Оқыту сыни ойлау, бейімделе білу және үздіксіз оқуға дайын болу дағдыларын дамытуға бағытталған. Оның арқасында түлектер тез өзгеріп жатқан білім беру кеңістігінде табысты жұмыс істеуге қажетті құзыреттерді қалыптастырады. Жас мұғалімдерге мансабтарының алғашқы жылдарында қолдау көрсетуге ерекше назар аударылады. ЖОО түлектеріне


мансаптарының басында қолдау көрсету бағдарламасы мектептегі жұмысқа дайындаудың нақты деңгейінен Қазақстан Республикасының «Педагог» кәсіби стандартында көрсетілген сапа стандарттарына дейін ауыртпалықсыз және біртіндеп жетуге бағытталған²⁴.

ДББҰ базасында педагог мамандығына «бүйірлік кіру» жүйесі пайымының айрықша ерекшеліктері үміткерлерді іріктеуде және оқыту форматында айқын көрінеді. Жоғары білім туралы дипломдарды ресми талдаумен шектелетін дәстүрлі бірсатылы іріктеу жүйесі үміткер туралы неғұрлым объективті және тұтас түсінік қалыптастыруға мүмкіндік беретін кезеңдермен толықтырылды, олар: пәндік білімді (жазбаша емтихан), ақпаратты талдау қабілеті және педагогикалық мамандыққа бейімділік дәрежесін (психометриялық тестілеу) тексеру, әртүрлі бейстандартты жағдайларда шешім қабылдау қабілетін анықтау (сұхбат). Оқытудың негізгі ерекшелігі «3+2» апталық оқыту форматы арқылы педагогикалық қызметке дағдылану болып табылады. Бұл формат сертификатталған тренерлермен 3 күндік аудиториялық сабақтар мен мектепте тәжірибелі мұғалім-тәлімгерлердің қол астында дағдыларын пысықтайтын 2 күндік практиканы өтуден тұрады. Мектептер базасында практика кезінде қолданылатын әдістер мен формалар жүйесі (мектеп ортасын және оқыту практикасын бақылау, дәйекті бірлескен және дербес оқыту) педагогикалық қызметке дағдылану үдерісін неғұрлым жеңіл етеді.

Мектепке педагогикалық қызметке қабылдау үшін **педагогтерді сертификаттаудың** халықаралық тәжірибесі (Ұлыбритания, АҚШ, Жапония) білім беру саласындағы мамандарды даярлау сапасының индексі ретінде өзінің тиімділігін дәлелдеді. Педагогтердің кәсіби білімін, дағдылары мен құзыреттіліктерін бағалау мақсатында ДББҰ бұл құралды кәсіби стандарттарға сәйкес Қазақстанда одан әрі іске асыру мақсатында зерттейтін болады. Жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының түлектері, педагогикалық қызметте үш жылдық үзіліс алған

23 Оқытудың бұл форматы халықаралық практикада кең таралған және педагогика саласында әлеуетін көрсеткен басқа салалардың білікті мамандарына педагогика саласында жұмыс істеу үшін қажетті білім мен біліктілік алуға мүмкіндік береді.

24 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы Бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149>



3-сурет. Қоғамдастық шеңберіндегі кешенді ынтымақтастық

оқытушылар және білім беру ұйымының басшысы лауазымына үміткерлер аттестаттаудан өткені жөн.

Басшылар мен педагогтердің көшбасшылық қабілеттерін дамыту үшін біліктілікті үздіксіз арттырып отыру қажет, сонда олар мектептер мен сыныптарды әрбір жеке оқушы жоғары нәтиже көрсете алатын оқу зертханаларына айналдыра алатын тәлімгер, тренер және фасилитатор бола алады.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

Қазақстанның білім беру жүйесін жетілдіруге ат салысатын, өзгеріс әкелуші педагогтер қатарын түзу.

5. ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚОҒАМДАСТЫҒЫН ДАМУ

Педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату жөніндегі жұмыс жүйелі түрде ұйымдастырылып, оны басқа педагогтер мен білім беру ұйымдары түсініп, қабылдаған болса ол табысты деп саналады. Ол кейін мұғалімдердің өз

жұмысында көрсететін нәтижелерінің жақсаруына әкеледі. Желілік қауымдастықтар арқылы мектепаралық кеңістікке шығу нәтижесінде педагогтерді үздіксіз кәсіби даму үдерісіне біріктіруге болады, онда олар пәндік бағыттар және оқыту әдістемелері бойынша топтастырылып, ынтымақтастық күшейтіле және нығая түседі.

Ол үшін Қазақстан мектептерінің қауымдастығы құрылады, ол «тең-теңімен» қағидатын ұстанатын болады, яғни педагогтер бір-бірін оқытады және мектеп ұжымдары бірге дамитын болады. Әріптестердің оқуы мен дамуы үшін жауапкершілікті түсіне отырып мектептер өзін-өзі оқытатын және өзін-өзі дамытатын ұйымдарға айналады. Әр мектеп бірнеше мектепті өзімен ынтымақтасуға «тартады», өзара іс-қимылдың, әдістемелік қолдау көрсетудің және ынтымақтастықтың өзіндік үлгілерін қалыптастырады.

Әдістемелік қолдау көрсету аясында ДБҰ Қауымдастық ішіндегі мектептердің ынтымақтастығын үнемі талдап отыратын болады.

Қоғамдастықтың сәттілік факторлары – жұмыстағы жүйелілік, кадрлық және әдістемелік ресурстардың жеткілікті базасы, мұғалімдердің

жұмыста әртүрлі формаларды, әдістер мен стратегияларды қолдануы.

Бүгінгі таңда мемлекеттің күш-жігері мектептің ұйымдастыру нысаны мен орналасқан жеріне қарамастан, білім беру үдерісінің барлық қатысушылары үшін тең мүмкіндіктер мен қолжетімді орта құруға бағытталған. Осыған байланысты Қоғамдастықтың басты міндеті Қазақстанның барлық оқушыларына сапалы білім алуға, ал мұғалімдерге өздерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға тең мүмкіндіктер беру болып табылады. Қоғамдастық мүшелерінің белсенділігін ынталандыру үшін ДББҰ мектептерге білім беру ресурстары, өнімдері және қызметтерінің кең ауқымын ұсынады. Мұндай тәсіл отандық білім беру сапасын арттыруға ықпал ете отырып, Қоғамдастық мектептерінің үздік мектеп тәжірибелерімен алмасуға қызығушылығы мен белсенді қатысуын ынталандырады.

Қоғамдастық қызметі еліміздің барлық өңірлерінен келген оқушыларды тұтас дамытуға бағытталатын болады. ДББҰ оқушыларды толыққанды дамыту тәсілдерін енгізу мен іске асыру бойынша қолдауды жалпы білім беретін мектептердің басшылары мен педагогтерін оқы-

ту бағдарламалары (тағылымдамалар, біліктілікті арттыру курстары, менторлық бағдарламалар) және әдістемелік сүйемелдеу арқылы жүзеге асыратын болады.

Толыққанды дамуды жүзеге асыруда оқушылардың когнитивті, әлеуметтік-эмоциялық, адамгершілік-эстетикалық және физикалық әл-ауқатына назар аударылады.

2020-2021 жылдары ДББҰ облыс әкімдігімен бірлесіп іске асырған «Атырау облысының білім беру жүйесін дамытуға жәрдемдесу» жобасы мектепаралық ынтымақтастық тиімділігінің мысалы болып табылады. Жоба шеңберінде кешенді жұмыс жүргізілді: облыс мектептерінің ағымдағы жағдайы тексеріліп, талданды, сондай-ақ оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізілді; педагогтер мен мектеп әкімшілігіне әдістемелік қолдау көрсетілді; педагогтердің біліктілігі арттырылды; қосымша білім беру бағдарламалары әзірленді; оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелері бойынша НҚА әзірленді және т. б. Жоба жемістілігінің дәлелі – PISA-2022 халықаралық зерттеуінде Атырау облысы оқушыларының жеткен нәтижелері²⁵:

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

Еліміздің барлық азаматтары үшін сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге ұмтылатын, теңдік және өзара оқыту қағидатына негізделген мектептердің бірлескен қоғамдастығын құру.



6. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ АККРЕДИТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІК

«Аккредиттеу білім беру қызметтерінің сапасы туралы әділетті ақпарат береді және оны арттыруда тиімді механизмдердің бар болуын растайды»

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

Білім беру ұйымдарын бағалау және аккредиттеу жөніндегі тәуелсіз агенттік құру білім беру сапасын бағалау жүйесін айқындау арқылы мектептердің жоғары халықаралық білім беру стандарттарына сәйкестігінің және білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың кепілі болады. Аккредиттеудің негізгі мақсаты – сыртқы бақылау көлемін азайта отырып, білім берудің тұтастығын сақтауға ықпал ете отырып, мекемелердің жұмысын үздіксіз жақсарту²⁶.

Аккредиттеу жүйесінің әдіснамасын әзірлеу кезінде Зияткерлік мектептерді аккредиттеу және тексеру жөніндегі академиялық бедел мен тәжірибе, білім беру ұйымдарының қызметін зерттеу мен талдаудың әзірленген тетіктері (мы-

салы, ауыл мектептерін қолдау жөніндегі жоба шеңберінде), сондай-ақ білім беру сапасының жоғары көрсеткіштері бар елдердегі (Канада, АҚШ, Англия, Оңтүстік Корея және Нидерланды) аккредиттеудің халықаралық тәсілдеріне шолу пайдаланылды.

ДББҰ Білім беру қызметінің негізгі аспектілерін (мектепті дамыту тұжырымдамасы, білім беру ресурстары, білім беру үдерісі, педагогикалық қоғамдастық және білім беру ортасы) қамтитын аккредиттеу стандарттарын әзірледі, бұл бағалауды жан-жақты ақпараттандырады.

Аккредиттеу процесі – бұл ұйымды аккредиттеуге дайындауды, бағалау процедурасының өзін (аккредиттеу) және аккредиттеуден кейінгі кезеңді қамтитын үшжылдық көп сатылы және циклді процесс.

Жалпы аккредиттеу білім беру сапасын қамтамасыз етудегі маңызды буын болып табылады. Ол білім беру сапасын жақсартуға және әлемдік қоғамдастықта бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға ықпал етеді.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

Табысты аккредиттеу арқылы оқушылардың, олардың ата-аналарының және халықтың алған білім сапасына деген сенімін нығайту.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ III

Әлем: Global Education Brand

МАҚСАТЫ: Қазақстаннан тыс жерлерде қазақстандық білім беру брендінің қатысуын кеңейту.

Қазіргі жаһандану процестері дүниежүзілік білім нарығының өсуінде, оның мазмұнының, географиясының және негізгі ойыншыларының өзгеруінде байқалып, білім беру саласын жаулауда. Ғылыми-техникалық революция кезеңінде білімнің экономикалық рөлі артып, ол болашақ мамандардың білімі мен дағдыларының ең жоғары деңгейін және экспорттық-импорттық қатынастардың артуын талап етеді. Қазақстан өзінің кең аумағы, көпмәдениетті және көптіл-

ді халқымен білім беру сапасын қамтамасыз етуге бірегей және күрделі орта болып табылады. Әртүрлі этникалық топтарды, тілдерді және дәстүрлерді қамтитын елдің бай мәдени ерекшелігі білім беру үдерісін күрделірек ете түседі. Осындай серпінді ортада инновациялық тәсілдер мен өз ісіне адалдықты талап ететін білім берудің жоғары стандарттарын қамтамасыз ету басты міндетке айналып отыр.

Негізі 2008 жылы қаланған Зияткерлік мектептер заманауи білім беру бағдарламаларын әзірлеу, оларға мониторинг жүргізу, оларды зерттеу, талдау, сынау, енгізу мен іске асыру-

26 Basso, M. (2003). AMS/NAEYC: New joint accreditation process. *Montessori Life*, 15(1), 15-16; Middle States Commission on Higher Education (MSC). (2006). *Characteristics of excellence in higher education (12th ed.)*. Philadelphia, P. A.: Middle States Commission on Higher Education Publications.

дың эксперименттік алаңына айналды. Білім беру саласындағы озық тәжірибелерді қолдана отырып, әрі бірегей білім беру экожүйесін құрып, Зияткерлік мектептер оқыту дискурсын қалыптастыруда, жаңа бағдарларды белгілеуде және жоғары академиялық стандарттар мен жаңартпалар мәдениетін құру жолында маңызды рөлге ие.

NIS-Programme бағдарламасының негізгі артықшылықтарының бірі – Қазақстанның көптілді және көпмәдени ортасына бейімделе алуы. Мәдени мұраны сақтау мен көптілдікті жылжытудың маңыздылығын түсіне отырып, Зияткерлік мектептер оқушылар арасында тілдерді жетік меңгеруге көмектесетін, мәдениетаралық түсіністік пен жаһандық азаматтықты қалыптастыратын үштілдік оқытуды (қазақ, орыс және ағылшын тілдері) ұсынады.

ДББҰ жаһандық білім беру аренасында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік беретін халықаралық стандарттар мен озық тәжірибелерге сәйкес болу үшін өз бағдарламаларын, оқу жоспарлары мен оқыту әдістемелерін үнемі бағалап, сапасын жетілдіріп тұрады.

NIS брендінің халықаралық танымалдығы өсуде, ДББҰ білім берудің әлемдік стандарттарына сәйкес келетін халықаралық білім беру бағдарламасын әзірлеу, білім беру өнімдері мен қызметтерін экспорттау, шетелде NIS-Programme бағдарламасының танымалдық географиясын кеңейту міндеттерін қояды.

7. INTERNATIONAL CURRICULUM

Әлемдік нарықта дамыту үшін бәсекеге қабілетті білім беру бағдарламасын құру

NIS-Programme білім беру бағдарламасы табысты білім беру өнімі болып табылады, оны әзірлеу тәжірибесі мен сараптамасы NIS – Programme-ға ұқсас халықаралық білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – халықаралық бағдарлама) құруға және ілгерілетуге бағытталатын болады. Осы бағыттағы жобаларды табысты іске асыру Қазақстанға ғылыми зерттеулермен, мәдени құндылықтармен және инновациялық идеялармен алмаса отырып, әлемдік білім беру

қоғамдастығының бір бөлігі болуға мүмкіндік береді.

Халықаралық бағдарламаны құру кезеңдері:

- мақсаттар мен құндылықтарды айқындай отырып, негіздемелік құжат әзірлеу
- оқу жоспарлары мен стандарттарын әзірлеу
- бағалау жүйесін әзірлеу
- элективті курстар мен сабақтан тыс бағдарламаларды жобалау
- мұғалімдерді оқыту және сертификаттау
- халықаралық байланыстар орнату
- оқушылар мен ата-аналарды тарту
- апробация және бейімделу
- сапаны бақылау және қадағалау

Халықаралық бағдарламаны сәтті экспорттау үшін білім сапасы, халықаралық танылу және маркетингтік стратегиялар сияқты маңызды аспектілерге назар аудару қажет. Бағдарлама елдік және әлемдік контекстті, сондай-ақ оқушылардың негізгі құзыреттерді дамыту жөніндегі күтетін нәтижелерін ескереді, жаһандық интеграцияға, мәдени толығуға және сыни ойлауды дамытуға ықпал ететін білім берудің әлемдік стандарттарына негізделген өзекті оқу бағдарламаларын ұсынады.

Жобаның маңызды элементі мақсатты елдердегі университеттермен, білім беру ұйымдарымен және реттеуші органдармен серіктестік қатынастарды ұйымдастыру болмақ. Бұл ұзақ мерзімді серіктестіктер құруға және бағдарламаны мойындау мен аккредиттеуді қамтамасыз етуге көмектеседі.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

Кең географиясы бар аккредиттелген халықаралық білім беру бағдарламасы.

8. БІЛІМ БЕРУ ӨНІМДЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІН ШЕТЕЛГЕ ЭКСПОРТТАУ

Білім беру өнімдері мен қызметтерінің экспорты халықаралық қатынастарды дамытудың, білім көкжиегін кеңейтудің және мәдениеттер тоғысуының әлеуетті мүмкіндігі болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында Қазақстан Үкіметінің міндеттерінің бірі ретінде IT-қызметтерінің экспортын арттыру көрсетілді. Бұл бағытта жаһандық нарықтарда педагогтерді кәсіби дамыту және цифрлық ресурстар мен шешімдерді әзірлеу бойынша құнды тәжірибеге ие ДББҰ қызметі де құрылуда.

ДББҰ-ға деген халықаралық сенім педагогтердің кәсіби дамуы саласындағы академиялық жетістіктері мен үлкен тәжірибесінің арқасында нығайды. Еуропалық Одақпен ынтымақтастық аясында Түркіменстанда педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың 9 бағдарламасы әзірленіп, табысты іске асырылды, олар халықаралық қоғамдастықтың жоғары бағасына және мойындауына ие болды. Сондай-ақ Ресей, Қырғызстан, Әзірбайжан және Өзбекстан педагогтерін оқыту саласында табысты бірлескен жобалар жүзеге асырылды.

Қол жеткізілген нәтижелер мен тәжірибені ескеріп, бүкіл әлемде оқыту мен білім беру сапасын жақсарту үшін білім беру өнімдері мен қызметтерін ұсыну жалғасатын болады. Бір елде жасалған жаңа әдістер мен идеяларды басқа елде білім беруді жақсарту үшін қолдануға болады. Мұнда олар туындаған мәселелердің шешімі бола алады. Әлемдік білім берудің болашағы жаһандық ынтымақтастықта, халықаралық идеялар және әдістемелермен алмасуда жатыр. ДББҰ басқа елдердің педагогтерін оқыту және бүкіл әлемде білім беру сапасын жақсарту үшін ауқымды білім беру бағдарламаларын жүргізуді жалғастырады.

Экспорттық қызметтің келесі перспективалы бағыты ДББҰ-ның ғана емес, сонымен қатар қазақстандық және шетелдік EdTech компанияларының білім беру өнімдерін, қызметтері мен технологияларын біріктіретін халықаралық цифрлық алаңды құру және ілгерілету болып табы-

лады. ДББҰ Зияткерлік мектептердің цифрлық экожүйесінің бөлігі ретінде бірыңғай жаһандық Market Place-те білім беру саласындағы цифрлық шешімдерді біріктіру бойынша өршіл мақсат қояды.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

Қазақстанның жаһандық білім беру нарығына қатысуын кеңейту; жаңа экономикалық мүмкіндіктер жасау және адами капиталды дамытуға инвестициялар тарту.

9. NIS-PROGRAMME БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕП ТҮЛЕГІНІҢ NIS GRADE 12 CERTIFICATE СЕРТИФИКАТЫНЫҢ МОЙЫНДАЛУЫ

Мектеп сертификатының танылуы түлектерге білім беру мүмкіндіктері мен бағдарламаларының кең спектрін аша отырып, шетелдік оқу орындарында білім алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мойындалған білім сертификаттары түлектердің ел ішінде де, шетелде де жұмыс іздеуде бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады және ата-аналар мен оқушылардың оқу орнына деген сенімін арттырады. Халықаралық танылу мектептегі білім сапасының көрсеткіші болып табылады.

Қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарына NIS-Programme мен зияткерлік мектеп түлегінің сертификатын (NIS Grade 12 Certificate)ың мойындатуда ДББҰ айтарлықтай нәтижеге жетті. 8 халықаралық білім беру ұйымы (UK ENIC және UCAS, Ұлыбритания; Kultusministerkonferenz және Uni-assist, Германия; NUFFIC, Нидерланды; Swiss Education Group, Швейцария; CUCAS, Қытай; VTAC, Австралия) Зияткерлік мектептердегі білім берудің жоғары сапасын мойындады; Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Австралия, Германия, Швейцария, Нидерланды, Италия, Сингапур, Жапония, Қытай, Оңтүстік Корея және т.б. жоғары оқу орындары түлектерді университет алдындағы дайындықсыз бакалавриат бағдарламаларына қабылдайды; Қазақстанның 19 жоғары оқу орны қысқартылған бакалавриат бағдарламаларына қабылдайды және жалпы

білім беретін пәндер бойынша кредиттерді қайта есептейді.

ДББҰ Зияткерлік мектеп түлектерінің елдегі және әлемдегі ең сұранысқа ие жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндіктерін арттыру жұмысын жалғастырады.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

NIS-Programme және NIS Grade 12 Certificate-ті мойындайтын халықаралық ұйымдардың, қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарының санын көбейту. ДББҰ-ның әлемдік деңгейдегі білім беретін ұйым ретіндегі беделін нығайту.

НЕГІЗГІ ҚОЛДАУШЫ ФАКТОРЛАР

1. ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕ ДАМУ

ДББҰ қызметі жылдарында орта білім беру саласында жүйелі және қолданбалы зерттеулер бойынша үлкен жұмыс атқарылды: орта білім беруді реформалау, білім беру мазмұнын жаңарту, ағымдағы жағдайды талдау, инновациялық тәсілдер мен бағдарламаларды сынақтан өткізіп, енгізу, білім беру үдерісін жетілдіру және нәтижелерге мониторинг жүргізу.

Зерттеулер сериясының нәтижелері бойынша 2019 жылы Кембридж университетінің профессоры Дэвид Бриджестің редакциясымен **«Орта білім беру реформасы және интернационалдандыру: Қазақстандағы мектеп реформасының жағдайы»** атты кітап шықты, 2023 жылы британдық ғалымдар Коллин МакЛафлин (Кембридж университеті), Лиз Уинтер (Эксетер университеті) және Наталья Якавец (Кембридж университеті) редакциясымен **«Қазақстандағы білім берудегі өзгерістер картасы»** («Mapping Educational Change in Kazakhstan») атты кітап жарық көрді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына әдістемелік және ресурстық көмекті халықаралық ұйымдар мен ДББҰ-ның стратегиялық серіктестері көрсетеді: ЭЫДҰ, БҰҰДБ, ЮНИСЕФ, Британдық кеңес, Еуропалық Кеңес, Pearson, CITO, Назарбаев Университеті, Кембридж университеті, Пенсильвания университеті, Джонс Хопкинс Университеті, Аризона Мемлекеттік Университеті, Лондон университеттік колледжі (UCL) және т. б.

ДББҰ-ның айтарлықтай ғылыми және зерттеу әлеуеті бар: желіде **155** PhD философия докторы және ғылым кандидаттары, магистр дәрежесі бар **1386** қызметкер, «Болашақ» бағдарламасының **70** түлегі жұмыс істейді. Құрылған сәттен бастап ДББҰ ғылыми және ғылыми-техникалық тұрғыдан көптеген нәтижелерге қол жеткізді.

ДББҰ-ның зияткерлік меншік объектілері:

- **5** халықаралық патент
- **2** қорғау құжаты
- **185** авторлық құқық / патент
- **394** ғылыми жарияланым, оның ішінде халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдар

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу және басқару шешімдерін қабылдау келесілерді қолдану арқылы дәлелді деректерге негізделетін болады:

- ғылымды дамытудың басым бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер
- республика педагогтерінің көшбасшылық құзыреттерін дамыту бойынша білім беру өнімдері мен қызметтерін жақсартуға бағытталған зерттеулер
- деректерді салыстырмалы талдау мақсатында желілік практикалық және мониторингтік зерттеулер (оқушылардың әл-ауқаты, ата-аналардың қанағаттануы, мектеп климаты, кәсіби даму қажеттіліктері және т. б.)
- педагогикалық практиканы жетілдіру және білім сапасын арттыруға бағытталған мұғалімдердің практикалық зерттеулері (Action Research және Lesson Study)



2023 жылы ДББҰ ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызмет субъектісі мәртебесін алды

- зерттеу нәтижелерін республикалық және халықаралық ғылыми журналдар мен ба-сылымдарда жариялау.
Қолайлы және нәтижелі ғылыми-зерттеу орта-сын құру білім беру мақсаттарына қол жеткізуге және мұғалімдер мен қызметкерлердің ғылыми әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

2. ЦИФРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕНІ ҚҰРУ

«Оқу үдерісінде цифрлық шешімдерді қолдану қалыпты жағдайға айналды. Жасанды интеллект технологияларын қолданысқа енгізу ерекше назарды қажет етеді. Жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдалансақ, білім экономикасына тың серпін береміз».

Қасым-Жомарт Тоқаев

ДББҰ-ның цифрлық экожүйесін құру білім берудің болашағын көрсетеді, ол білім беру динамикасының әртүрлі аспектілерін бірыңғай желіге біріктіреді. Ол әртүрлі, бірақ өзара байланысты платформалар арқылы білім беру әдістемелерін өзгерту, оқушылар мен мұғалімдердің мүмкіндіктерін кеңейту, оңтайландырылған құралдар арқылы мектептерді басқару мүмкіндіктерін арттыру үшін технология мүмкіндіктерін пайдалануға тырысады. Экожүйедегі әрбір өнім өзінің бірегей ұсыныстарымен ерекшеленіп қана қоймай, сонымен қатар деректермен бөлісу мен жинау және синергетикалық операциялар үшін оңай біріктіріледі.

Цифрлық экожүйе ДББҰ-ның білім беру қызметінің әртүрлі кезеңдері мен салаларын қамтиды:

- Зияткерлік мектепке түсу үшін үміткерлерді дайындауға арналған сынақ тестілері
- Үміткерлерді конкурстық іріктеуден өткізу
- Оқушылардың тұлғалық және кәсіби дамуының жеке оқу траекториясы
- Оқушыларға емтихан өткізу
- Психологиялық бағалау көмегімен оқушылардың әл-ауқаты мен әлеуметтік дамуы
- Мектепті тиімді басқару
- Оқушыларға кәсіптік бағдар беру және қосымша білім беру
- Қазақстан педагогтерінің зияткерлік әлеуетін дамыту
- Мектеп ғимараттарын басқарудың көпфункционалды жүйесі
- Білім беру өнімдерінің, қызметтерінің және технологияларының халықаралық алаңы.



Пәндер бойынша микроконтент құру және AI-ді қолдану арқылы оқушының жеке оқу бағытын құру ерекше назар аударуға тұрарлық. Бұл бірегей әдіс Аризона штатының университетімен (АҚШ) ынтымақтастықта 20 Зияткерлік мектеп қатысқан үшжылдық зерттеулер негізінде әзірленді. Бірегей мазмұн оқушының жеке оқу мақсаттарына, ерекшеліктеріне, тақырыптар және кесте бойынша білім деңгейі мен дағдыларына сәйкес құрылады. Мұғалім бұл ретте нақты уақыт режимінде оқу аналитикасын, оқу динамикасын бақылап, білім мен тақырыптарды түсінудегі кінәраттарды анықтайды және нақты мәселелерге назар аудара алады.

ДББҰ-ның цифрлық экожүйесі деректерді жылдам және дәл өңдеу, үміткерлер мен оқушыларды бағалаудың ашық және әділ рәсімдері, қаржылық және адами ресурстардың шығындарын азайту, оқуда жайлылықты және оқушылар мен олардың жеке деректерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы оқу сапасын арттыра-

ды; оқушылардың эмоциялық күйін бақылауға көмектеседі; мектептердегі оқу жүктемесі мен ресурстарды басқаруды оңтайландырады. Бұл платформа ДББҰ мен қазақстандық компаниялардың білім беру қызметтерінің жаһандық нарыққа шығуына мүмкіндік береді және қазақстандық білім беру брендінің шетелде танылуын арттырады.

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Кез-келген ұйымның үздіксіз және тиімді жұмысының кепілі – жақсы қаржылық жағдай. Оған қол жеткізу үшін үздіксіз төлемқабілеттілікті, табыстылықты және қаржылық тәуелсіздікті қамтамасыз ету қажет.

ДББҰ жоғары сапалы білім беру қызметтерін Қазақстанның әрбір өңірінде ұсынуға ұмтылады – әрбір мұғалімнің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ете отырып, халықтың барлық топтарының оқушылары үшін оқытудың инновация-

лық әдістеріне бірдей қолжетімділікті ұсынуға. ДББҰ-ның кемелдікке, әділдікке және инновацияларға алған бағыты Қазақстанның болашақ ұрпақтарының зияткерлік қорын байытудағы маңызды рөлін айқындайды. ДББҰ мемлекет тарапынан қолдауды сақтай отырып, қаржылық тұрақтылық жолында оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейту және елде болашақ білім беруді қалыптастыру миссиясын іске асыруға кепілдік бере алады.

Ұйымның жинақталған тәжірибесі мен әлеуеті бар, ДББҰ одан әрі тұрақты дамуы үшін қаржыландыру көздерін әртараптандыруы тиіс. Бұл жаңа мектептер ашу, инновациялық EdTech-өнімдерін әзірлеу және жылжыту, педагог мамандарға арналған біліктілікті арттыру курстары, мектептерді аккредиттеу жөніндегі тәуелсіз агенттік құру, педагог мамандарды сертификаттау бағдарламаларын енгізу, сондай-ақ білім беру қызметтерін экспорттау мүмкіндіктерін іздеу сияқты бастамаларды қамтиды.

ДББҰ-ның қаржылық тұрақтылық моделі тұрақтылық пен өсуді сақтай отырып, ұзақ мерзімді болашақта қаржы ресурстарын өндіретін және оларды басқаратын жоспар арқылы іске асырылатын болады. Бұл қаржылық мақсаттарға жету үшін кірістер мен шығындарды теңестіру және Зияткерлік мектептер желісінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Қаржылық тұрақтылық моделін құру мыналарды қамтиды:

- Әртараптандырылған кіріс көздері (солардың ішінде ақылы негізде жұмыс істейтін мектептер салу арқылы желіні кеңейту)

- Кірістер мен шығындарды болжай отырып, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлау
- Өнімдер мен қызметтердің сапасына нұқсан келтірмей шығындарды басқару және бақылау
- Миссияны қолдау үшін сыртқы қаржы көздерін іздеу (мысалы, гранттар)
- Ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін талдау жүргізу
- Өзгермелі экономикалық, нарықтық және ұйымдастырушылық жағдайларға бейімделу
- Инвестициялар (технологияларға, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, жаңа нарықтарға шығуға және т. б.)
- Қаржылық шешімдер қабылдауға мүдделі тараптарды тарту
- Тәуекелдерді басқару
- ДББҰ-ға деген сенімді нығайтатын ашықтық
- Тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін (KPI) әзірлеу
- Үдерістерді оңтайландыру және дәл болуы үшін қаржылық технологиялар мен автоматтандыруды қолдану
- Қаржылық модельге экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікті қосу.

Ағымдағы тәжірибені және білім беру қызметтеріне өсіп келе жатқан сұранысты ескеріп, ДББҰ білім беру қызметтері нарығындағы өз орнын одан әрі әртараптандыруға және нығайтуға ұмтылады. Біздің мақсатымыз - сапалы және инновациялық білім беру шешімдерін ұсынуға көшбасшы болу.

СТРАТЕГИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Стратегияның ұзақ мерзімді сипатын таңдау оқушылардың біртұтас даму динамикасын және олардың жетістіктері мен игілігіне әсерін терең әрі жан-жақты түсіну мақсатынан туады. Стратегияның мұндай ұстанымы білім беру бағдарламасын, оқыту мен сабақ берудің тәсілдемесін, бағалау жүйесі мен білім беру ортасын үздіксіз талдауға, мониторинг жүргізуге, бағалауға және дәлелді деректердің негізінде басқарушылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді. Бірнеше білім беру

циклдарын (7-ден 12-сыныпқа дейінгі шоғырланым) зерттеу енгізілген өзгерістердің уақыт өтілімен әсерін бағалауға мүмкіндік береді, сәйкесінше әрбір оқушы ағымдағы үздік білім беру тәжірибесі мен ғылым жетістіктеріне бейімделіп отыратын оқу ортасында білім алатын болады.

2035 жылға дейінгі стратегия іс-шаралар жоспарында «шағын да болса, маңызды 1000 қадам» идеясы ретінде жүзеге асырылатын болады.



Стратегиялық бағыттар үш негізгі кезеңде іске асырылады. Әр кезеңнің ұзақтығы және әсер ету тереңдігі мен кеңдігі әртүрлі болады. 2025 жылға дейінгі бірінші кезең алдыңғы стратегиялық құжаттарда көзделген ауқымды жобаларды аяқтауға және одан әрі дамудың келесі онжылдығына кедергісіз өту және тиімді сабақтастықты қамтамасыз ету үшін бастамаларды ұсынуға бағытталған. 2030 жылға дейінгі екінші кезең осы құжатта көрсетілген стратегиялық мақсаттардың көбіне қол жеткізуге ықпал ететін

ірі бастамаларды жүзеге асыруға бағытталған. 2035 жылға дейінгі үшінші кезең жалпы ДББҰ экожүйесін болашақта инклюзивті, серпімді және тұрақты жүйе ретінде қалыптастыруға көмектесетін ұзақ мерзімді бастамаларды жүзеге асыруға бағытталған.

Даму жолымызға сеніммен және мақсаттарымызға адалдықпен қарай отырып, біз осы стратегия аясында жасалған әр қадам әрбір оқушыға сапалы білім беруге, оларды жаһандық қоғамдағы табысты болашаққа дайындайтынына сенімдіміз.



